

Кентау қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі туралы

Күші жойғал

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 мамырда № 14-3-130 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 30 наурыздағы № 74 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 30.03.2017 № 74 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің ережесіне сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кентау қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы

М.Кунпеисов
К.Сырлыбаев

Кентау қалалық мәслихатының
02 мамыр 2012 жылғы № 29
шешімімен бекітілген

Кентау қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі

Осы Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына, 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" Бұйрығына сәйкес әзірленген.

Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) коммуналдық қызметтер – тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

2) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

3) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің

отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

4) уәкілетті орган - тұрғын үй көмегін көрсететін "Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 11.12.2013 № 130 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 11.12.2013 № 130 шешімімен (01.01.2014 бастап

қолданысқа енгізіледі).

4. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері және тәртібімен белгіленген нормалардан асатын коммуналдық қызметтердің үстеме төлемін азаматтар жалпы негізде жүргізеді.

5. Он сегіз жасқа дейінгі ата-анасынан бөлек тұратын балалары ата-анасының отбасында есепке алынады. Егер ата-анасы ата-аналық құқығынан айырылса, балалар қамқоршының (асыраушылар) отбасында есептеледі.

6. Тұрғын үй көмегі ұсынған жұмысқа орналастырудан, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа, кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыруға жолдаудан, өз еркімен қоғамдық жұмысқа қатысудан дәлелсіз себеппен бас тартқан жұмыссыздарға тағайындалмайды.

Тұрғын үй көмегі жұмыссызға жұмысқа орналасқаннан бастап, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа, кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыруға жолданғаннан бастап қалпына келтіріледі.

7. Мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ I және II топтардағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, үш жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

2. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;
- 5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;
- 6) коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;
- 7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс

қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

9) алып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 11.12.2013 № 130 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012.12.04 № 67 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2013 № 130 шешімімен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 № 134 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Тұрғын үй көмегі өтініш берілген айдан бастап ағымдағы тоқсанның соңы мерзіміне дейін тағайындалады.

10. Тұрғын үй көмегін тағайындағанға дейінгі коммуналдық қызметтер бойынша берешектер есепке алынбайды.

11. Тұрғын үй көмегін алушылар тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе оның мөлшеріне әсер ететін, оның ішінде тұрғын үй меншік нысанының, отбасы құрамының және оның жиынтық табысының өзгеруі, ал жұмыссыздар – мәртебесінің өзгеруі туралы кез келген жағдайлар жөнінде уәкілетті органға он күндік мерзімде хабарлайды.

12. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажет құжаттарды берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, ал егер ақпаратты өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан алу қажет болған жағдайда күнтізбелік отыз күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдап, өтініш берушіні хабардар етеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 25.07.2014 № 183 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Ұсынылған құжаттардың дұрыстығын растау қажеттілігі туындаған жағдайда уәкілетті орган өтініш иесінің материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізуге құқығы бар.

14. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға толық әрі дұрыс мәліметтер беруі тиіс.

15. Өтініш беруші тұрғын үй көмегін заңсыз тағайындалуына апарып соқтырған толық емес немесе дұрыс емес мәліметтер ұсынған жағдайда, төлем тоқтатылады. Артық төленген сомалар өз еркімен, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

16. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үй (пәтері) бар тұлғалар, немесе тұрғын үйді (пәтерді) жалға берушілер тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

3. Тұрғын үй көмегін көрсету нормативтерін анықтау

17. Тұрғын үй көмегін көрсетуде уәкілетті орган төмендегі нормаларды есепке алады:

1) тұрғын үй көмегін тағайындағанда өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасына Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасымен белгіленген әр отбасы мүшесіне 18 шаршы метрден, бірақ тұрғын үйдің пайдалы алаңының жалпы көлемінен аспайтын норма қабылданады. Жалғыз басты адамдар үшін 30 шаршы метр; бірақ тұрғын үйдің жалпы көлемінен аспайтын норма қабылданады;

2) электр қуатының, суық судың, кәріздің, ыстық судың, газдың, жылудың және қоқысты әкетудің нормалары қызмет көрсетушімен немесе тарифті белгілейтін органмен бекітіледі. Коммуналдық қызметтерді тұтынудың шығындары, коммуналдық қызметті тұтынудың белгіленген нормативтерінен артық емес, алдыңғы тоқсанға нақты шығындары бойынша есептеуге алынады;

3) қызмет көрсетушілердің шоттарын ұсынған жағдайда (түбіртектер, анықтамалар) нақты шығынмен газ баллонды тұрмыстық қажеттілікке тұтыну нормасы бір айда 5 килограмм - бір адамға, бір айда 20 килограмм - отбасында төрт және одан да көп адам болған жағдайда;

4) қатты отынды тұтынудың нақты шығыны қызмет ұсынушы мекемелердің шотын (түбіртек, жүкталап, счет-фактура) ұсынған жағдайда әлеуметтік шығын нормалары қатты отын (көмір) бір айда бір үйге 1000 килограмм есебінен артық емес мөлшерінде белгіленеді. Жылумен қамту мерзімі—5 ай. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде сол уақытта Кентау қаласындағы статистика басқармасы немесе қызмет көрсететін мекеменің мәліметтері бойынша қатты отынның бағасы белгіленеді.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 134 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу

18. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру қала бюджетінде тиісті қаржылық жылға қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

19. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктердің бөлімшелері және пошта арқылы аудару

жолымен жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК